

**Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды)
кезең-кезеңмен тіркеуді жүргізу аумағының тізбесі мен мерзімін бекіту туралы**

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 наурыздағы N 269 Қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.09.12. N 799 Қаулысымен.

***Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.09.12. N 799
Қаулысымен.***

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2727 заң күші бар Жарлығының 3-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) кезең-кезеңмен тіркеуді жүргізу аумағының тізбесі мен мерзімі бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 28 наурыздағы
N 269 қаулысымен

бекітілген

**Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық
ауыртпалықтарды) кезең-кезеңмен тіркеуді жүргізу
аумағының тізбесі мен мерзімі**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.01.06. N 18 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

N	Әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы	Кезең-кезеңмен тіркеуді жүргізу мерзімі
1.	Алматы қаласы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары	"Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілген күнінен бастап 8-13 ай аралығында
2.		

Астана қаласы, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау облыстары	"Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілген күнінен бастап 14-19 ай аралығында
--	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК